

Г. Абдықұлова 

*Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: gabdykulova@mail.ru)*

Қазақстандағы гендерлік мәселелерді еңсеру мүмкіндіктері (тарихи аспект)

Көтерілген мәселе Қазақстанның бүгінгі дамуы жағдайында өзекті, өйткені консервативті ұстанымдарға берік қазақ қоғамында гендерлік теңдікті орнату біршама қиындық туғызады. Алайда елдің әлемдік қоғамдастыққа енуі, шет елдермен белсенді қарым-қатынас орнатуы қоғамдағы гендерлік теңгерімсіздікті одан әрі елемей мүмкін емес екендігін көрсетті. Қазақстан 1995 жылы Бейжіңде Біріккен Ұлттар Ұйымының ұйымдастыруымен өткен IV Әйелдер мәселелері жөніндегі Дүниежүзілік конференцияға қатысқаннан кейін, елде гендерлік теңдікті орнату жоспары белсенді түрде жүзеге асырыла бастады. 1995 жылы еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев Отбасы, әйелдер және демографиялық саясат проблемалары жөніндегі кеңесті құрды. Республикада әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі ұлттық іс-қимылдар жоспары әзірленді. Қойылған міндеттер жоспарлы түрде іске асырылып жатқанға қарамастан, кейбір қызмет салаларында гендерлік теңдік әлі де қойылмаған. Бірақ бұл жағдай әйелдің қоғамдағы және отбасындағы орны мен рөлі туралы ұлттық стереотиптерге қайшы емес. Автордың ойынша, қазақтардың дүниетанымындағы осы стереотиптер мемлекеттің қазақстандық қоғамда гендерлік теңгерімді орнату жөніндегі жоспарларын толық іске асыруына кедергі келтіреді. Зерттеу барысында осы ойды түйіндеу үшін әр тарихи кезеңде әйелдердің қазақ қоғамындағы орнын анықтау, сипаттау, халық санасында әйелге деген көзқарастың эволюциясын көрсету және оған әсер еткен факторларды анықтау міндеттері қойылды. Аталған міндеттерді іске асыру арқылы бүгінгі Қазақстанда гендерлік мәселелердің шешілу мүмкіндіктерін және жолдарын анықтау мақсаты көзделді.

Кілт сөздер: гендерлік теңдік, әйелдер, Қазақстан тарихы, ұлттық ой-сана, әйелдер кәсіпкерлігі.

Kipicne

Әйелдер рөлінің, олардың экономикалық, әлеуметтік және саяси белсенділігінің артуы — қазіргі қоғамда сөзсіз фактілер. Гендерлік теңдік мәселесі күн тәртібінде тұрмайтын және қоғамдық проблема болып табылмайтын әлемнің барлық дамыған елдерінде әйелдер ерлермен толыққанды бәсекелесе алады және кез келген қызмет саласында жетекші орынға ие бола алады. Алайда көп ғасыр бойы дәстүрлі менталитетке тән қоғамда әйел отбасында да, мемлекетте де тәуелді орында болды. Мұндай қоғамдарда әйелдер мен ерлер теңдігі идеясы парадоксалды құбылыс ретінде қабылданды. Бүгінгі күннің өзінде әйелдердің құқықтары мен іс-әрекеттерін шектеуге деген ұмтылыс жол берілетін табиғи рефлексстердің бірі.

Ұзақ уақыт бойы дәстүрлі шығыс мәдениетіне тән басты белгілерінің бірі қоғамдағы әйелдің бағынышты жағдайы болып саналды. Іс жүзінде жасанды төмендету тек азиялық елдерде ғана кездеспейді. «Шыны төбе» деп аталатын көрінбейтін тосқауыл — әйелдердің де, ерлердің де мүмкіндіктері ресми түрде тең бола тұра, әйелдердің дәрежесі мен мансабының жоғарылауына

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: gabdykulova@mail.ru

кедергі келтіретін көптеген бейресми, көрінбейтін тосқауылдардың болу жағдайы көп елдерде кездеседі [1].

Қазақстанда, оның ішінде халқының этникалық негізін кейбір патриархалдық дәстүрлерді сақтап қалған дәстүрлі қазақ қоғамы құрайтын ортаазиялық мемлекетте, үйлесімді гендерлік теңгерімді қалыптастыру елеулі мәселе болып табылады. Елде және қоғамда гендерлік теңгерімге қол жеткізу және оны ұстану жергілікті этностың ұлттық менталитетіне қайшы келеді, өйткені оның дүниетанымында әйел тек ана мен ошақтың ұйытқысы ретінде образы қалыптасқан. Біздің ойымызша, әйелдердің қоғамдағы орны мен отбасындағы рөлі туралы бұл біржақты түсінік XVIII-XIX ғасырлардағы ресейлік зерттеушілердің жазбаша куәліктері негіз болды, дегенмен қазіргі қазақстандық қоғам бұл идеяларды ұстанып, әрі қарай дамытуда.

Республика Кеңес Одағының құрамынан шыққаннан кейін елдің әлемдік қоғамдастыққа кірігуі, халықаралық келісімдерді ратификациялауы, шет елдермен белсенді қарым-қатынас орнатуы республикадағы гендерлік мәселелерді одан әрі елемеуге мүмкіндік бермеді. Бүгінде Қазақстан елдегі әйелдердің іс жүзіндегі тең құқықтығын орнату және жағдайын жақсарту үшін біраз қадам жасауда. Алайда қазақстандық қоғамда әйелдерге деген керітартпа көзқарастың әлі де болса сақталу жағдайында бұл қаншалықты мүмкін, бұны осы зерттеу барысында анықтауға тырысамыз.

Мәселені зерттеудің хронологиялық шеңбері Қазақстан тарихындағы 3 тарихи кезеңді қамтиды: революцияға дейінгі, кеңестік және қазіргі заман уақытын. Революцияға дейінгі кезеңге қазақ жерлерінің XVIII ғасырдың басында Ресей империясына қосылуынан бастап, Ресейде монархия құлаған 1917 жылғы революцияға дейінгі уақытты (1731-1917 ж.); кеңестік кезеңге — 1990 жылға дейінгі; ал қазіргі Қазақстан тарихы кезеңі елдің Кеңес Одағының құрамынан шығып, 1991 жылы өз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі уақытты жатқызады. Қарастырылып отырған уақыт шеңберінің ауқымы қазақ қоғамы тарихының әр кезеңінде әйелдерге, олардың қоғамдағы орнына деген көзқарастың қалыптасу жолын және оған әсер еткен факторларды сипаттау мақсатында алынып отыр.

Зерттеу әдістері

Қарастырылып отырған мәселені зерттеу үшін методологиялық негізді бірқатар жалпы ғылыми және тарихи әдістер құрады.

Тарихнамалық талдау әдісі қолдану негізінде қазақ қоғамындағы әйелдердің орны және рөлі туралы ұлттық көзқарастардың белгілерін көрсететін халық фольклоры, көркем әдебиет шығармалары, саяхатшылардың жазбалары, революцияға дейінгі авторлардың зерттеулері, кеңестік кезең авторларының туындылары және бүгінгі күнгі гендерлік мәселелерді ашуға бағытталған еңбектер қаралды. Елімізде гендер мәселесіне стереотиптік көзқарас қалыптасқандықтан, аталған тақырып қазіргі Қазақстанның тарих ғылымында аз зерттелетін және аз талқыланатын мәселе болғандықтан, бұл еңбектер «әйелдер» мәселелеріне деген көзқарастардың эволюциясын бақылау үшін, әйелдердің қоғамдағы жағдайының өзгеру-өзгермеуі туралы әр жақты мәліметтерді жинақтау және талдау жасау мақсатында негізге алынды.

Мұрағаттарда жинақталған деректердің негізінде қазіргі заман кезеңінде қазақстандық қоғамда әйелдердің жағдайын сипаттау мақсатында деректік талдау әдісі қолданылды.

Тарихнамалық және деректік талдау әдістері елімізде қоғамдық даму барысында этнос санасында гендерлік мәселелердің туындауына әкелген әйелдерге деген көзқарастың тарихи даму процесін егжей-тегжейлі қарастыруға мүмкіндік берді.

Зерттеудің хронологиялық шеңбері ауқымды — ел тарихындағы 3 тарихи кезеңді қамтиды: 1917 жылға дейінгі, кеңестік және тәуелсіздік уақыты. Қаралып отырған мәселені зерделеу және әр кезеңде әйелдердің қоғамдағы орнына деген қалыптасқан стереотиптік көзқарастың қалыптасу эволюциясын көрсету мақсатында осы тарихи кезеңдердегі жағдайларды салыстыру әдісі қолданылды.

Тарихи салыстырмалы талдау әдісі ел тарихындағы әр кезеңде «әйелдер мәселесінің» дамуын көрсетті.

Зерттеу барысында жинақталған барлық деректерді талдау негізінде қазіргі Қазақстанда гендерлік тең құқықтыққа қол жеткізу перспективаларын белгілеу үшін болжамдау әдісі негізге алынды.

Талқылау

Қазақстан тарихы бойынша дереккөздерде әйелдердің халық пен мемлекет тарихындағы рөлі туралы жазбалар сирек кездеседі. Жалпы алғанда, Қазақстанның «жазылған» тарихында тарихи оқиғалардың қақ ортасында жүрген немесе шығу тектерінің, айрықша қасиеттерінің және таланттарының арқасында тарихқа еңбей қалуы мүмкін емес болған шамамен жиырма шақты әйелдің есімі ғана айтылады. Дегенмен, біздің ойымызша, бұл жағдай қазақ қоғамы мен Қазақстан мемлекетінің тарихи даму процесінде әйелдердің шын мәнінде «жоқтығының» дәлелі емес. Қазақ әйелдерінің тарихтан тыс қалуының басты себептерінің бірі — қазақстандық ғылымда әйел тарихтағы маңызды тұлға ретінде қарастырылмайтындығы, тарихтың «бет-бейнесі» бола алмайтындығы туралы субъективті көзқарастың қалыптасуы.

Шынында да, қалыптасқан тарихи жадыға сәйкес дәстүрлі қазақ қоғамында әйелдің құқығы болмаған, сондықтан ол маңызды мемлекеттік мәселелерді шешуге қатыспады, дауыс беру құқығына ие болмады, қоғамдық өмірге араласпады. Оның қоғамдағы және отбасындағы жағдайы әдет-ғұрып, шарият заңдарымен және ұлттық салт-дәстүрмен реттелді (әдет-ғұрып — әдеттегі құқық нормалары, шарият — діни құқық нормалары). Әйел тек репродуктивті функцияны орындау, балаларды тәрбиелеу және үй шаруашылығын жүргізу талап етілетін отбасы мүшесі ретінде қабылданды.

Біздің ойымызша, қазақ қоғамындағы әйелдердің жағдайы туралы мұндай пікірдің қалыптасуына, осы мәселеге қатысты тарихтың бұрмалануына көбіне революцияға дейінгі орыс авторларының еңбектері әсер етті. Кейіннен олардың идеяларын кеңес дәуіріндегі зерттеушілер негізге алып, одан әрі дамытты. XVIII-XIX ғасырларда қазақ өлкесіне келген орыс саяхатшылары мен этнографтарының жазбаларында көрініс тапқан бір жақты көзқарастар әйелдердің қоғамдағы және отбасындағы шынайы жағдайы туралы қате түсініктің қалыптасуына негіз болды. Олардың еңбектерінде әйел негізгі міндеті тек үй шаруашылығын жүргізу және балаларды тәрбиелеу болып табылатын, мүлдем құқықсыз әрі еріксіз тіршілік иесі ретінде бейнеленді. Мысалы, қазақ әйелдерінің осындай сипаттағы жағдайы революцияға дейінгі ресейлік авторлар Н. Коншиннің [2], Ш.М. Ибрагимовтің [3], Б. Юзефовичтің [4] еңбектерінде кездеседі.

Шын мәнінде зерттеушілердің еңбектерінде көрсетілген әйелдердің келеңсіз әлеуметтік жағдайы туралы сипаттаулары қате қалыптасқан түсінік, өйткені олардың қазақ қоғамындағы беделі мен мәртебесі әрдайым жоғары болған. Әйелдердің құқықтары қорғалатын. Мұны XVIII ғасырдың басында Қазақ хандығында Тәуке ханның билігі кезінде құрылған «Жеті жарғы» заңдарының мәтіндері растайды [5]. Қазақтар бұл заңның негізгі нормаларын әдеттегі құқық нормалары ретінде Қазақстанның Ресейге қосылуы қарсаңында және кезінде де қолданған. Қоғамда пікірі беделді болған билер әйелдердің отбасында да, қоғамда да лайықты орында болуына көңіл бөлген, олардың табиғи қасиеттері мен қабілеттерін жоғары бағалаған. Оған қоса, XIX ғасырда билер съездерінде әйелдердің негізгі азаматтық құқықтарын бекіткен болатын [5; 208].

Бүгінгі күнге дейін қазақ халқының жадында сақталған аңыздар, жырлар, мақал-мәтелдер, салттық әндер сияқты халық фольклоры мен ауызша халық шығармашылығының материалдары да қазақ халқының әйелдер теңдігі мәселелеріне деген көзқарасын растайды. Онда қазақ халқының әйелдің отбасындағы және қоғамдағы рөлі туралы негізгі идеялары көрініс табады.

XIX ғасырдың соңында белгілі қазақ ғалымы және ағартушысы Ыбырай Алтынсарин қазақ әйелдерін мектептерде оқыту қажеттілігі туралы идеясын іске асырып, қазақ өлкесінде қыздарға арналған мектептерді бірінші болып ашты [6]. Бұл да қазақтардың қыздарына білім беріп, оқытудың қажет екендігінің мойындауының дәлелі бола алады.

XIX-XX ғасырлардың тоғысында әйелдердің дәстүрлі қоғамдағы орны және тең құқықтығы мәселесіне қатысты өз көзқарасын қазақ зиялы қауымы да білдірді. Олардың әйелдердің жағдайы туралы көзқарастары жөніндегі мақалалары мен туындылары мерзімді баспасөз беттерінде жарияланды [7].

Дегенмен, революцияға дейінгі кезеңде айтылған ресейлік зерттеушілердің қазақ әйелдерінің еріксіздігі мен төмен әлеуметтік жағдайы туралы таяз көзқарастары мен үстірт ойлары тарихтың келесі кезеңінде одан әрі жалғасын тапты.

Қазақстан тарихындағы келесі Кеңес өкіметінің орнауы кезеңінде әйелдер құқықсыздығы мәселесі жиі көтеріліп, нәтижесінде кеңес өкіметі әйелдерді патриархалдық қазақ қоғамына қарсы күрес құралына айналдырды. Қазақ отбасыларында және қоғамда алауыздық пен келіспеушіліктерді

туғызып, әйелдерді шын мәнінде жоқ әлеуметтік проблемалар туралы ойларға сендіре отырып, кеңестік Ресей қазақ жерінде социализмді орнатуға кірісті.

Яғни, революцияға дейінгі еңбектерде және кеңестік кезеңде қазақ әйелдерінің жағдайы біржақты, құқықтық тұрғыдан толығымен құқықсыз және қорғансыз болып сипатталды. Айтуларынша, қазақ әйелінің отбасындағы басты міндеті — тек ошағын сақтау және балаларды тәрбиелеу болған.

Алайда қазіргі кезеңде қазақстандық қоғамда әлеуметтік және гендерлік тарихты зерттеумен айналысатын ғалымдар арасында қазақ әйелдерінің мүлдем құқықтары болмағандығы туралы ұзақ уақыт бойы қалыптасып келген ойға күмән келтіретін зерттеушілердің қатары пайда болды. Олардың пайымдауынша дәстүрлі қазақ қоғамында әйел құрметке ие болған, ал оның әлеуметтік мәртебесі құқықпен қорғалған. Атап айтқанда, бұл туралы А. Әбдірәсілқызы [8], А.К. Балтабаева [9], Р.О. Балгозина [10], Г.Т. Мусабалина [11], Г. Абдыкулова [12] және басқалары жазды. Бұндай пікірді ресейлік зерттеушілер арасында тарихшы И.В. Стасевич [13] ұстанады. Зерттеушілер қазақ қоғамындағы әйелдердің әлеуметтік жағдайы революцияға дейінгі ресейлік зерттеушілер көрсеткендей өте ауыр болмағанын алға тартады.

Алайда осыған дейін «кеңестік ой-сана» қалыптастыруға бағытталған ресми тұжырымдар қазақ халқының ұлттық санасында қазақ әйелінің шынайы орны мен мәртебесі туралы жадының жаңғыртылуына кедергі келтірді және бұл кесірлі идеялар әлі күнге дейін халықтың ой-санасында сақталып келеді.

Нәтижелері

Революцияға дейінгі кезеңдегі қазақ әйелдерінің жағдайы. Революцияға дейінгі кезеңдегі Қазақстан тарихының жазбаша дереккөздері аз болғандықтан, дәстүрлі қазақ қоғамындағы әйелдердің жағдайын анықтау үшін негізгі ғылыми база сол кезеңдегі орыс зерттеушілерінің еңбектері болып табылады. Олардың жазбаларына сәйкес сол уақытта қазақ әйелдерінің мәртебесі айқын болған. Бұл тұжырымға олар әйелдердің үй шаруашылығын жүргізудегі рөлін талдау арқылы келген. Мысалы, Н. Коншин қазақтардың күнделікті өмірінде «әйелге төмен деңгейдегі тіршілік иесі ретіндегі қараудың» айқын байқалғаны туралы жазады [2; 103]. «Қазақ әйелінің ешқандай құқығы болмай, көптеген міндеттері болған. Ол үй шаруашылығындағы барлық істермен айналысады. Тіпті жүктілік кезеңінде де әйел ешбір шаруадан босатылмаған», – дейді ол.

Қазақтар туралы этнографиялық материалдарды жинаушы Ш.М. Ибрагимов «қырғыздарда (революцияға дейінгі кезеңде орыстар қазақтарды «қырғыздар» деп атаған — Г.А.) жүкті әйел жүктіліктің соңғы күніне дейін ешбір жұмыстан босатылмайды», – деп жазады [3; 38].

Қазақ отбасыларындағы әйелдердің мінез-құлқы мен өз-өзін ұстауын бақылай отырып, Б. Юзефович өзінің этнографиялық жазбаларында қыз-келіншектері «жалпы әңгімеге қатыспайды және тек қандай да бір қызмет көрсету үшін ғана бой көрсете алады. Жалпы, оларда әйелдердің ер адамдар жиналатын жерге баруы құптарлық жағдай емес», – деп баяндаған [4; 137]. Біздің ойымызша, орыс этнографтарының өз жазбаларында білдірген көзқарасы біршама субъективті. Олардың қазақ отбасыларындағы әйелдердің жағдайын теріс сипаттап, келтірген мысалдары болжамдарының ақиқат екендігінің дәлелі емес. Аталған жағдайлардағы әйелдердің іс-әрекеті олардың үй шаруашылығын жүргізудегі тікелей міндеттерін орындауына байланысты. Ал әйелдердің ерлердің «жалпы әңгімесіне» араласпауы ұлттық тәрбиеге байланысты, оған сай қазақ қызы бала кезінен ер адамға отбасының басшысы ретінде құрметпен қарауға үйренген. Қазақ әйелдерінің өздерін осылай ұстауы тек оларға ғана тән ерекшелік емес. Тәрбиенің бұндай элементтері адамзат тарихында болған барлық дәстүрлі қоғамдарда орын алған.

Қазақи тәрбиенің үлгісі әйелдердің қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстауында, мінез-құлқында да көрініс тапты. Атап айтқанда, оның «күйеуіне айтпай, бір жерге шығуға құқығы жоқ еді. Үйден шыққан кезде оны үлкен балаларының бірі немесе басқа туыстары ертіп жүруі тиіс еді», – деп жазады зерттеушілер [11; 231]. Осы мысал да ұлттық мәдениетте қыздарға, әйелдерге деген ерекше көзқарас болғандығы көріністерінің бірі.

Қазақ отбасында әйел құқықсыз, қорғансыз болмаған. Оның әрдайым отағасына, балаларына ықпал ету мүмкіндігі болған. Мысалы, тарихшы Г.Т. Мусабалина ер адамдар «отбасылық істерді дана, ақылды әйелімен келісіп жасады», ал «күйеуі болмаған жағдайда, әйел отбасының тізгінін өз қолына алып, барлық күнделікті мәселелерді өз бетінше шешті», – деп көрсеткен. Шаруашылық қызметтің негізгі бөлігі әйелдің мойнында болғандықтан, ол «күйеуінің бірінші көмекшісі» рөлін

атқарды. Зерттеушінің пікірінше, бұл «әйелдердің еркектермен тең жағдайын болмаса да, салыстырмалы түрде еркін, қалыпты құқықтық жағдайын айқындайды» [11; 231].

Әйелдің отбасындағы рөлі сырт көзге көрінбесе де, айқын болған. Әйел қоғамда өз пікірін көпшілік алдында білдіре алмады, бірақ отбасы ішінде ол ана ретінде ерекше сыйға бөленді, құрмет пен беделге ие болды. Бұл жағдай жергілікті халықтың өмірін бақылаған ресейлік зерттеушілердің, саяхатшылардың да назарынан тыс қалмады. Қазақ отбасыларындағы сенімді отбасылық-неке қатынастарының ерекшелігі ресейлік шенеуніктерді қазақ жерлерін билеп-төстеу жөніндегі империялық жоспарларды іске асыру барысында әйелдерді манипуляция құралы ретінде пайдалану қажет туралы ойға итермеледі. Мысалы, XIX ғасырға қатысты бір құжатта ресейлік шенеуніктердің әйелдер мектептерін ашу арқылы «қырғыз қыздарын» оқыту туралы ұсынысы бар, өйткені олардың пікірінше «ол қырғыздың жары және ана атанған кезде, күйеуі мен балаларының орыс жағына өтуіне ықпалын тигізетін болады» [14], – делінген.

Әйелдердің құқықсыздығы көп жағдайда отбасын құру мәселесі туындағанда байқалған. Қазақ әйелінің күйеу таңдау еркі болған жоқ, өз еркінен тыс тұрмысқа берілуі мүмкін еді. Сонымен қатар, кез келген қазақ ер азаматы өзіне ұнаған қызды әйел ретінде таңдауға құқылы болған. Этнографтар «әр қырғыздың төрт әйелге дейін жар алуға құқығы бар», – деп жазады. Қазақтар исламды ұстанғандықтан, бұл олардың діни сенімдеріне де сәйкес келді. Алайда Б. Юзефович «бұл құқықты толығымен пайдаланған адамдарды айтарлықтай кездестіре қоймағанын» атап өткен. «Үш әйелі барлар аз, әдетте екеу ғана болады, ал кедейлер көбінесе бір-ақ өмірлік серігін таңдап, соған қанағат тұтады», – деп, өзінің байқағанын жазған [4; 137]. Бұдан қазақтардың көпшілігінде бір әйелі ғана болған деген қорытынды жасауға болады, себебі XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында қазақ қоғамында ақсүйектердің саны азая бастап, қарапайым халықтың саны көбірек болған.

Ерекше жағдайларда, өмірлік серігін еркін таңдау құқығы үшін күресу қажет болған кезде, қазақ әйелдері өлкеде 1867-1868 жылдардағы реформалар бойынша енгізілген ресейлік заңдардың көмегіне жүгінген. Оларға қатысты заңсыз әрекеттер жасалған жағдайда, генерал-губернаторға шағым жасау мүмкіндігіне ие болған. Негізінен бұл қызды келісімінсіз тұрмысқа беруге қатысты болды. Мысалы, Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архивінің 64-қорында қазақ қызы Махұтай Дәулетпақованың еркін түрде тұрмысқа шығуға рұқсат беру туралы өтініші бойынша 1885 жылғы 9 шілдеден 1886 жылғы 31 қаңтарға дейінгі хат алмасуы бар [15]. Жетісу облысының Әскери губернаторының атына жазылған хатта бойжеткен «оны қырғыз Жанбөлековке тұрмысқа шығуға мәжбүрлеп жатқан болыс билеушісінің үстінен» шағымданып, «өзін бұл зорлық-зомбылықтан босатуды» сұрайды. Істі қарау нәтижесінде оның мәселесі ойдағыдай шешілген, себебі Дала генерал-губернаторы 1867 жылғы Ереже жобасының 203-тармағына сүйеніп, «өтініш берушінің ерікті түрде тұрмысқа шығу құқығы» бар екенін алға тартқан. Әрине, мұндай фактілер көп болған жоқ, бірақ олар қазақ қыздарын неке мәселесіндегі мұндай керітартпа дәстүрден «азат ету» процесінің басталғанын көрсетті.

Кеңес кезеңіндегі әйелдердің жағдайы. Революцияға дейінгі кезеңде қазақ қоғамында «жазбаша» заңдар болмағандықтан, әйелдердің әлеуметтік және отбасылық жағдайы қазақтардың ауызша құқығы мен дәстүрлері негізінде реттелді. Алайда орыс этнографтарының қазақ қыздарының патриархалдық тәрбиесінің ерекшеліктері туралы жазбалары кеңестік кезең басында қазақ қоғамында әйелдердің мүлдем құқығы болмағандығы мен құлдық жағдайы туралы қате әрі теріс пікірді қалыптастырды. Сол себепті қазақ әйелі Ресейдің Қазақстанда социалистік қоғам құру жоспарларын іске асырудағы негізгі тетіктің біріне айналды.

1919 жылдың қыркүйегінен бастап Кеңес үкіметі әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі партия комитеттерін құра бастады [16], олардың бөлімдерінің жұмысы әйелдердің социализм үшін күрестегі қызметін белсендіруге бағытталды.

Қалыңмалды жою, тең құқықтықты орнату туралы жарияланған декреттер қазақ әйелдерінің құқықтарын заң жүзінде кеңейтті. Енді әйелдің тағдырына қатысты шешім қабылдаған кезде оның қалауын, құқықтарын ескеру қажет болды. Құқықтарының сақталуына кеңес заңдары кепілдік берді. Осылайша, патриархалдық әдет-ғұрыптардан «босатылған» қазақ әйелдері енді коммунистердің қолындағы құралға айналды.

«Бостандықты» толық сезінген жаңа тәртіп заманының әйелдері кеңес дәуірі кезеңіндегі қазақ жазушыларының көптеген көркем шығармалары кейіпкерлерінің прототипіне айналды [17]. Әдеби бейнелер арқылы кеңес заманындағы қазақ қыздарының санасында оларды патриархалдық тәртіптен «азат ету» ісіндегі кеңес өкіметінің шешуші рөлі туралы ұғым қалыптаса бастады.

Шын мәнінде бәрі оңай еді. Ресейлік кеңес үкіметінің саясаты кеңестендіруді жеделдетуге, орыстандыруға және ұлттық сана-сезімді басуға, дәстүрлі қағидаларды мақсатты түрде жоюға бағытталған. Осы мақсаттарға жету үшін «азат етілген» әйелдер олардың көмекшілері болуы тиіс еді.

Бүкіл XX ғасыр бойы кеңестік қоғамда әйелдердің рөлі күшейе түсті. Әйелдер өмірдің барлық салаларында өз бағын сынап алды. Олар ғылым, техника, инженерия, геология салаларында да, басшы лауазымдарында да және т.б. қызметтерде жұмыс істеді. Қазақстанның мемлекеттік басқару саласындағы әйелдер өкілдігінің зерттеушісі А.К. Балтабаева республикада «кеңес дәуірінде әйелдердің айтарлықтай әлеуеті қалыптасты. Жоғары білімді азаматтардың 62%-і әйелдер және 38%-і ғана ерлер, ал еңбекке қабілетті халықтың 50%-нен астамы әйелдер» болды [9; 5], – деп жазады ол.

Әйелдер әдетте «еркектерге тән» деп саналған барлық салаларда табысты жұмыс істеп, жетістіктерге жетті. Әйелдер қатарынан кеңшар директорлары, механизаторлар, кеншілер, құрылысшылар, экономистер және т.б. мамандық иелері көптеп шыққан.

Әйелдердің қоғамдық-саяси қызметін жандандырған «Әйелдер кеңесі» болды. XX ғасырдың 70-жылдары олардың жалпы саны 4250 болды, оған 28,5 мың әйел қатысты [18; 219].

Бір сөзбен айтқанда, Қазақстанда кеңес дәуірінде әйелдер еңбегі әр салада көрінген. Кеңес әйелдері мемлекеттің қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысып, өндірісте, мәдениет және білім беру саласында да жұмыс істеді. Мемлекеттің әлеуметтік қолдауы әйелдердің қоғамдағы орнын тек нығайта берді: әйел жұмысшы ретінде де, ана ретінде де қорғалды.

Қазіргі Қазақстандағы әйелдердің жағдайы. Қазақстанның Кеңес Одағының құрамынан шығуы мен 1991 жылы тәуелсіздік алуы ел тарихындағы жаңа кезеңнің басталуын білдіреді. Саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістер қазақстандық әйелдердің өмірін түбегейлі өзгертті. 1990-шы жылдардың басындағы экономикалық дағдарыс әйелдердің жағдайына ерекше ауыр тиді. Тұтыну нарығындағы тапшылықтың артуы, бағаның өсуі, халықтың нақты табысының төмендеуі, жұмыссыздық сияқты жағымсыз құбылыстармен сипатталған елдегі экономикалық жағдайдың әлсіреуі әлеуметтік, тұрмыстық жағдайдың одан әрі нашарлауына әкеліп соқты. Салық түсімдері есебінен күн көретін әлеуметтік сала қаржы тапшылығына тап болды. Халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарының үлесі артты, олардың арасында көп балалы және асыраушысыз қалған отбасылар, зейнеткерлер және т.б. болды. Мемлекеттің қолдауынсыз қалған тұрғындар ғана емес, сонымен қоса жұмысы барлар да кедейлене бастады, өйткені бұл кезеңнің жағымсыз құбылысы — онсыз да төмен жалақының берілуі бірнеше айға кешіктірілуі әдеттегі жағдай болған.

Мемлекеттегі дағдарыс әрбір қазақстандық отбасындағы қаржы дағдарысына алып келді. Ел мен халық үшін бұл қиын-қыстау кезеңді ер адамдар психологиялық тұрғыдан қиын қабылдады, олар қоғамның әлеуметтік-экономикалық өмірінде де, отбасында да жетекші позициядан алшақтай бастады. Қоғам үшін осындай қиын уақытта әйелдерге өз күштері мен мүмкіндіктерін жұмылдыру қажет болды. Табыс табушының рөлі бірте-бірте соларға өтті. Отбасын қамтамасыз ету мақсатында әйелдер ұсақ саудамен айналыса бастады да, осылайша еріксіз түрде елде шағын кәсіпкерлікті дамытудың негізгі элементіне айналды. Олар бұл қадамға итермелеген себеп — балалары мен отбасын шұғыл түрде материалдық қамтамасыз ету қажеттілігі болды. Кейінгі өмір көрсеткендей, табиғи аналық инстинкт мыңдаған отбасыларды әлеуметтік-экономикалық апаттан құтқарып қана қоймай, сонымен бірге мемлекеттегі шағын кәсіпкерліктің негізін қалау арқылы ел экономикасына үлкен пайда әкелді [19; 11-12]. Сонымен бірге, кәсіпкерлікпен айналысу сол кезеңдегі әйелдер арасындағы жұмыссыздық мәселесін шешудің де ең оңтайлы тәсілі болды [20].

Дегенмен әйелдердің аталған кезеңде экономикалық белсенділігінің артуы олардың қоғамдық жағдайына әсер еткен жоқ.

Қазақстанның 1995 жылы Бейжіңде Біріккен Ұлттар Ұйымы қамқорлығымен өткен IV Әйелдер мәселелері жөніндегі Дүниежүзілік конференцияға қатысуы республиканың әйелдерді еліміздің қоғамдық-саяси өміріне араластыру ісіндегі алғашқы тәжірибесінің детерминанты болды. Конференция қорытындысы бойынша әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін жаппай кеңейту жөніндегі жаңартылған халықаралық міндеттеменің қабылдануы Қазақстанды жаһандық ауқымдағы бұл мәселені шешудегі өзінің нақты орнын белгілеуге мәжбүр етті. Конференцияның барлық қатысушылары бірауыздан Бейжің декларациясы мен шын мәнінде бүкіл әлемдегі әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту мәселесін шешудегі күн тәртібі болып есептелген Іс-қимылдар тұғырнамасын қабылдады.

Республикада гендерлік теңгерімді қалыптастыру жөніндегі жоспарды ресми түрде жүзеге асыру 1995 жылы сол кездегі ел президенті Н.Ә. Назарбаевтың Отбасы, әйелдер және демографиялық

саясат проблемалары жөніндегі кеңесті құруынан басталды. Кеңес 1998 жылы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі Ұлттық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) болып қайта құрылды.

1999 жылы Комиссия «Феминистік Лига» үкіметтік емес ұйымының көмегімен Қазақстандағы әйелдердің жағдайына және оларға (әйелдерге) қатысты жүргізілген мемлекеттік саясатқа кешенді талдау жүргізді. Зерттеу осы саладағы бірқатар маңызды мәселелерді анықтады [21]. Мысалы, сайлаушылардың негізгі бөлігін, яғни 53%-ды құрай отырып, әйелдер мемлекеттің саяси элитасының құрамында мүлдем аз болған: 4 әйел мемлекеттік комитеттер мен агенттіктерді басқарды, 10 әйел вице-министр, комитеттер төрағаларының орынбасарлары және тек 5 әйел облыс әкімдерінің орынбасарлары болған [22, 62-63]. Бұл жағдай жалпы халық саны 14 953 126 адам, ал оның ішінде әйелдер саны көпшілікті — 7 751 343-ты құрайтын мемлекетте әйелдердің қоғамдағы рөлі өте төмен деңгейде екенінің көрсеткіші болды [23].

Әйелдерге мемлекеттік қызметке орналасуға ерлермен бірдей рұқсат етілгенге қарамастан, іс жүзінде олардың негізгі бөлігі — 54 %-ы қарапайым әкімшілік қызметкер ретінде жұмыс істеген [24]. Жоғары және орта арнаулы білімі бар мамандар арасында әйелдер 62% құрады [25]. Десе де білікті мамандар арасында әйелдер айқын басым болғанымен, олар негізінен төменгі басқару тобында шоғырланғаны айдан анық болды [22].

Жоғары билік сатысында олардың қызметі сұранысқа ие болмаған әйелдердің негізгі бөлігі бастапқыдан «әйелдердікі» деп саналған білім беру мен медицина салаларына шоғырланды. Бұл салаларда қазақстандық әйелдердің жоғары мансаптарға қол жеткізіп, тіпті мемлекеттік мекемелердің басшылары атануға мүмкіндігі болды. Әдетте, қалалық және облыстық деңгейлерде әйелдер білім беру саласындағы оқу орындарын басқарды, емханалар, медицина саласындағы зертханалар және т.б. меңгерушісі болды. Бұл салаларда көшбасшы әйелдердің саны әрқашан көпшілікті құрады. Алайда жоғары оқу орнын басқару жөнінде сөз қозғалса, онда басымдылық тағы да ер адамдарға берілді. Мысалы, 1999 жылы 51 мемлекеттік жоғары оқу орнының тек екеуінде ғана ректоры әйел болды [26]. Кәсіподақтарда, әлеуметтік мәселелермен айналысатын үкіметтік емес ұйымдарда басшы қызметін атқарған әйелдер саны едәуір көп болды. Бірақ өнер, мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары сияқты салаларда қызметкер әйелдер көпшілікті құрағанымен, ең аз басшы әйел саны осы салаларда еді [26].

Ұлттық комиссия өкілеттігін кеңейткеннен кейін, әйелдерді жасырын кемсіту проблемасын шешу мақсатында елдегі әйелдердің жағдайын жақсарту және оларға елдің саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу үшін қажетті жағдай жасау жөніндегі ең тиімді шараларды әзірлеуге қатысты белсенді әрекет жасай бастады [27]. Оның жұмыс істеген бірінші жылының нәтижесі 1999 жылы Үкіметтің қаулысымен бекітілген маңызды құжат — Қазақстан Республикасында әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі ұлттық іс-қимылдар жоспарын әзірлеу болды [24]. Ол 1995 жылғы IV Дүниежүзілік конференция белгілеген 12 басымдықтан тұрды. Ұлттық жоспардың стратегиялық мақсаты әйелдердің қоғамдық-саяси өмірдегі белсенділігі мен рөлін арттыру үшін мүмкіндіктер жасау және пәрменді тетіктер дайындау болды.

Бейжіңде өткен конференциядан кейін 10 жыл өткен соң ғана іске аса бастаған Комиссияның Қазақстан Республикасындағы Гендерлік теңдік стратегиясын (бұдан әрі — Стратегия) әзірлеуі қазақстандық қоғамдағы гендерлік теңгерімсіздік мәселесін шешудегі келесі қадам болды [28]. Стратегияны іске асыру 2006–2016 жылдарға жоспарланған болатын. Ол елдегі «ерлер мен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерінің нақты теңдігін қамтамасыз етуге» бағытталған болатын. Стратегияның күтілетін нәтижелері мемлекеттік қызметшілер мен барлық деңгейдегі басшылардың гендерлік жағынан «сезімтал» болуы, әйелдердің әлеуметтік дамудың барлық процестеріне тең дәрежеде қатысуы және т.б. болуы тиіс еді [29]. Стратегиямен қатар 2009 жылдан бастап Қазақстан Республикасының «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» Заңы қолданысқа енгізілді, ол мемлекеттік және қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы гендерлік теңдік үшін жағдай жасауға қатысты қоғамдық қатынастарды реттеді [30]. Осылайша қазақстандық қоғамда гендерлік теңгерімді қалыптастыру үшін әкімшілік-құқықтық алғышарттар жасалды.

Қабылданған мемлекеттік шаралардың тиімділігі 2000 жылдардың бірінші онжылдығынан кейін байқалды. Әйелдерді мемлекеттік басқару жүйесіне тарту мәселесінде алғашқы он үрдістер айқындала бастады. Әр түрлі деңгейдегі мемлекеттік органдарда әйелдер санының біртіндеп өсе түсті. Мемлекеттік саяси қызметшілер арасында әйелдер саны артты. Егер 2015 жылы олардың саны 39 болса [21], 2018 жылы 43-ке жетті (О равных возможностях продвижения женщин на государственной службе Казахстана, «Казахстанская правда», 2018, 30 июня.). 2015–2018 жылдар

аралығында әйелдер қатардағы мемлекеттік қызметшілердің 55%-ын құрады. Мәжіліс құрамында 30 %-ға жуық, яғни 107 депутаттың 29-ы әйел. Парламент Сенатында алты комитеттің үшеуін сенатор әйелдер басқарды [31]. Егер келтірілген статистиканы он жыл бұрын болған жағдаймен салыстыратын болсақ, бұл мәселені шешуде оң өзгерістер болғаны анық байқалады. Алайда мемлекеттік билік органдарындағы ерлер мен әйелдердің жалпы арасалмағын және жалпы республикадағы әйелдер санын ескеретін болсақ, онда маңызды, оның ішінде әйелдердің өздеріне қатысты мемлекеттік мәселелерді шешуге қатысатын әйелдердің үлесі тым аз еді.

Бір қызығы, саяси мемлекеттік басқару жүйесіне «кіруге» шынайы «рұқсаты» болмағандықтан, әйелдер экономикалық салада белсенділік таныта бастады. Бұл салада әйелдердің өз қабілетін іске асыру үшін барынша қолайлы жағдайлар жасалды. Нәтижесінде қысқа уақыт ішінде Қазақстандағы бизнес бейнесі әйел бейнесі болды [32]. Десек те, Қазақстанда бүгінгі күнге дейін ірі бизнесті басқаратын әйелдер жоқтың қасы. Ірі кәсіпорындардың басында тұрған әйелдер өте сирек кездесетін құбылыс, алайда әйелдер кәсіпкерлігіне жағдай жасау және оны инвестициялау қазақстандық business-women әлеуетін қалыптастыру үшін үлкен мүмкіндіктер ашар еді.

Әлемдік тәжірибеде әйелдер ірі бизнестің басшылары болып табылатын мысалдар бар. Мәселен, АҚШ-та «әйелдер құрылыс, өңдеу өнеркәсібі, агробизнес және көлік сияқты, олар үшін дәстүрлі емес секторларда белсенді әрекет етуде» [33]. Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігіндегі салалық ерекшелік — дәстүрлі феминизацияланған салалардың болуы тән, яғни әйелдер көбіне сауда, қызмет көрсету, қоғамдық тамақтану, қонақ үй шаруашылығы және т.б. саладағы бизнеспен айналысады [34].

Қорытынды

Ресейлік жазба дереккөздердің арқасында соңғы екі ғасыр бойы қазақ халқының санасында дәстүрлі қазақ қоғамындағы әйелдердің «құлдық» жағдайы туралы жалған түсінік қалыптасып келді. Орыс зерттеушілері теріс жағынан түсініп, сипаттаған әйелдердің әлеуметтік және отбасылық жағдайы, шын мәнінде байырғы халықтың әдет-ғұрпымен, дәстүрімен реттеліп, қазақтардың діни түсініктеріне сай болған. Міндеттердің көп болуы, негізінен, үй шаруашылығын жүргізуге байланысты еді.

Қоғамдық қызметтегі шектеу әйелдің отбасы ішіндегі құқықтарын шектемеді. Қазақ әйелі өз отбасының толыққанды мүшесі болды, оның пікіріне отағасы да, балалары да құлақ асты. Құқықтардың бұзылуы, негізінен, қазақ қыздарына болашақ жарын еркін таңдауға тыйым салынғаннан байқалатын. Бұл мәселені ресейлік империялық заңдардың енгізілуі шешті. Әйелдерді қорғай отырып, патша үкіметі олардың тарапынан өздерінің жақтаушыларын тапты.

Кенестік Ресей бұл саясатты жалғастырды. Әйелдер қазақ өлкесінде кеңес өкіметін орнату ісінде олардың құралына айналды. Оларды патриархалдық «құлдықтан» өз декреттері арқылы «босатып», кеңес өкіметі әйелдерді социализмді таратушы ретінде пайдаланды. Бүкіл кеңес дәуірі бойы әйелдер мемлекет тарапынан қолдау тапты. Ал олардың отбасыларындағы «көрінбейтін» күші мемлекетке бүкіл қоғамды басқаруға көмектесті.

Бұл жағдай Қазақстанның Кеңес Одағының құрамынан шығу кезеңінде түбегейлі өзгерді. Саяси өзгерістер нәтижесінде туындаған экономикалық дағдарыс елдегі әйелдердің жағдайына кері әсерін тигізді. Қазақстан жаңа, тәуелсіз мемлекет ретінде көптеген әлеуметтік мәселелерді шеше алмады. 1990-жылдар қазақстандық әйелдер үшін әрі ең ауыр, әрі шешуші кезең болды. Олардың кәсіпкерлікті дамытуға қатысу арқылы экономикалық өмірге тартылуы оң нәтиже берді. Әйелдер елдегі шағын бизнестің қозғаушы күшіне айналды.

Алайда әйелдердің экономикалық саладағы жетістіктері олардың әлеуметтік жағдайын жақсартпа алмады. Олардың қызметі үнемі «әйелдерге тән»: білім беру, медицина, қызмет көрсету және т.б. салалармен шектелді. Мемлекеттік басқару саласында әйелдер аз болды. Әйелдер проблемаларын шешу жөніндегі мемлекеттік органның құрылғанына, ұйымдастырушылық құрылымның барлық деңгейлеріндегі ерлер мен әйелдердің теңдігін көздейтін Гендерлік теңдік стратегиясының қабылдануына қарамастан, елде гендерлік теңгерім әлі орнатылған емес. Тарихтың жаңа кезеңінде қазақстандық қоғамның орнығуы гендерлік көзқарасты ескерумен жүріп жатса да, әйелдер мемлекеттің саяси немесе экономикалық өміріне тең дәрежеде қатысу үшін заң тұрғысынан кедергілер болмаса да, әйелдер жыныстық белгісі бойынша кемсітушілік әлі де болса орын алуда.

Қазақстандық әйелдердің негізгі бөлігі шоғырланған әлеуметтік сала әрқашан «әйелдердікі» болып қала беретіні назар аудартады. Бұл салалардағы қызметі қазақтардың отбасындағы және қоғамдағы әйелдердің рөлі туралы дүниетанымына, сондай-ақ әйелдің орны ошақтың маңы, ал оның

міндеті балаларды тәрбиелеу және отбасы мүшелерінің денсаулығын күту болып табылатындығы туралы кері тартпа патриархалдық идеяларға сай келеді. Біздің ойымызша, өткен ғасырларда жасанды түрде қалыптастырылған стереотиптер қазақ санасында әлі де «тірі» және қазақстандық қоғамда нағыз гендерлік теңгерімді орнатуға айтарлықтай кедергі болып келеді. Сол себепті осы стереотиптік ойлау толығымен жойылмайынша Қазақстанда гендерлік үйлесімділікті толық орнату мүмкін емес деген пайым жасаймыз.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2022-2024 жылдарға арналған «Жас ғалым» жобасы бойынша жас ғалымдардың зерттеулерін гранттық қаржыландыру шеңберінде АР13268739 «Қазақстан әйелдерінің күнделікті өмірі (1991-2021 жж.): тарихи шолу, өзгерістер динамикасы және перспективалары (Солтүстік Қазақстан облыстары материалдары негізінде)» ғылыми жобасын іске асыру аясында дайындалды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Sharlene Nagy Hesse-Biber. Working women in America: split dreams / Nagy Hesse-Biber Sharlene, Lee Carter Gregg. — 2nd ed. — Oxford University Press, 2005. — 300 p.
- 2 Коншин Н. Труды по казахской этнографии / Н. Коншин. — Астана: Алтын кітап, 2007. — 110 с.
- 3 Ибрагимов Ш.М. Очерки быта казахов / Ш.М. Ибрагимов. — Астана: Алтын кітап, 2007. — 148 с.
- 4 Юзефович Б. О быте киргизов Тургайской области. Этнографические заметки. Библиотека казахской этнографии. — Т. 34 / Б. Юзефович. — Павлодар: НПФ «ЭКО», 2006. — 262 с.
- 5 Қазақ әдет-ғұрып құқығының материалдары. — Алматы: Жеті жарғы, 1996. — 208 с.
- 6 Алтынсарин И. Собрание сочинений: [В 3-х т.]. — Т. 3 / И. Алтынсарин. — Алма-Ата: Наука Казахской ССР, 1978. — 352 с.
- 7 Айқап [Мәтін]: [Энциклопедия] / құраст. Ү. Субханбердина, С. Дәуітов. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. — 366 б.
- 8 Әбдірәсілқызы А. Қазақ қоғамындағы әйел мәртебесі: кеше мен бүгін / А. Әбдірәсілқызы // Қазақ әйелі: өткені, бүгіні, болашағы. Дөңгелек үстел материалдарының жинағы. — Астана, 2013. — Б. 7-10.
- 9 Балтабаева А.К. Вовлечение казахских женщин в сферу государственного управления Казахстана (20–30-е гг. XX в.): автореф. ... канд. ист. наук: 07.00.02 — «Отечественная история» / А.К. Балтабаева. — М., 1995. — 20 с.
- 10 Балгозина Р.О. Эмансипация женщин в Казахстане: исторический опыт и политические уроки. 1917–1941 годы: учеб. пос. для вузов / Р.О. Балгозина. — Семипалатинск: СГУ им. Шакарима, 2001. — 172 с.
- 11 Мусабалина Г.Т. Женщина в традиционной казахской семье в XVIII–XIX вв.: исторический аспект / Г.Т. Мусабалина // Знаменитые женщины Казахского ханства: Материалы Междунар. науч.-практ. конф. — Астана: Изд-во «Форма Плюс», 2015. — С. 240–244.
- 12 Абдыкулова Г. Положение женщины в казахском обществе / Г. Абдыкулова // «Алаш мұраты және рухани жаңғыру: тағзым мен тағылым» атты Алаштың 100 жылдығына арналған Республикалық семинар материалдары. — Астана, 2018. — 231 б.
- 13 Стасевич И.В. Социальный статус женщины у казахов: традиции и современность / И.В. Стасевич. — СПб.: Наука, 2011. — 202 с.
- 14 Рахимбекова А.К. Роль имперского фактора в трансформации казахского общества (XIX–начало XX в.): дис. ... канд. ист. наук: 07.00.02 — «Отечественная история» / А.К. Рахимбекова. — Алматы, 2004. — 169 с.
- 15 ҚР ОМА. — 64-қ. — 634-т. — 1-іс. — 1-2 п.
- 16 ҚР ОМА. — 30-қ. — 18-т. — 23-іс. — 6-п.
- 17 Майлин Б.Ж. Коммунистка Раушан: рассказы / Б.Ж. Майлин; пер. с каз. — Алма-Ата: Казахстан. краев. изд-во, 1935. — 136 с.
- 18 Актуальные проблемы истории Советского Казахстана. — Алма-Ата: Наука, 1980. — 343 с.
- 19 Абдыкулова Г. Развитие женского предпринимательства в современном Казахстане / Г. Абдыкулова // Южный Урал: история, историография, источники. Межвуз. сб. науч. ст. — Вып. 8. — Уфа: Изд-во Башкир. гос. ун-та, 2018. — С. 5–21.
- 20 Базовый доклад о ситуации с правами человека в Республике Казахстан. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://textarchive.ru/c-2631713-pall.html>
- 21 Женщины и политика. Политическое и экономическое продвижение женщин. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://www.akorda.kz/ru/osnovnie-napravleniya-nacionalnoi-komissii-uchastie-zhenshin/zhenshini-i-politika/zhenshchiny-i-politika>
- 22 Женщины Казахстана. — Алматы: Изд-во «Мальвина», 2000. — 180 с.

- 23 Краткие итоги переписи населения 1999 года в Республике Казахстан. Агентство РК по статистике. — Алматы, 1999. — 210 с.
- 24 Турисбеков З.К. Выдвижение женщин в высшие эшелоны власти / З.К. Турисбеков // Женщины Казахстана: 10 лет в условиях независимости Казахстана, взгляд в XXI век. Сб. выступл. участ. конф. — Алматы, 2001. — С. 30–33.
- 25 СҚ ОМА. — 699-қ. — 1-т. — 581-іс. — 74-п.
- 26 СҚ ОМА. — 669-қ. — 1-т. — 581-іс. — 71-72, 84-п.
- 27 Национальная комиссия по делам женщин и семейно-демографической политике. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://www.akorda.kz/ru/o-nacionalnoi-komissii>.
- 28 ҚР ҰА. — 54-қ. — 501-іс. — 73-п.
- 29 Об утверждении Стратегии гендерного равенства в Республике Казахстан на 2006–2016 годы. Указ Президента Республики Казахстан от 29 ноября 2005 года № 1677 // Казахстанская правда. — 2005. — 3 дек. — № 333–334.
- 30 О государственных гарантиях равных прав и равных возможностей мужчин и женщин. Закон Республики Казахстан от 8 декабря 2009 года № 223–ІV. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z090000223_
- 31 О равных возможностях продвижения женщин на государственной службе Казахстана. — [Электронный ресурс]. — // Казахстанская правда. — 2018. — 30 июня. — Режим доступа: <https://kazpravda.kz/n/o-ravnyh-vozmozhnostyah-prodvizheniya-zhenshchin-na-gosudarstvennoy-sluzhbe-kazahstana/>
- 32 Шашкова Н. Женское лицо бизнеса / Н. Шашкова // Казахстанская правда. — 2000. — 19 сент.
- 33 Женское предпринимательство: доступ к финансированию и ИКТ. Передовой опыт. Сер. Предпринимательство и МСП. Европейская экономическая комиссия ООН. — Женева и Нью-Йорк, 2004. — 200 с.
- 34 Сарсембаева Р.Б. Гендерные аспекты развития предпринимательства в Казахстане. Социологическое исследование / Р.Б. Сарсембаева. — Алматы: Ассоциация деловых женщин Казахстана, 2004. — 108 с.

Г. Абдыкулова

Перспективы преодоления гендерных проблем в Казахстане (исторический аспект)

Рассматриваемый вопрос актуален в современных условиях развития Казахстана, так как установление гендерного равенства в казахском обществе, твердо придерживающегося консервативных позиций, представляет собой серьезную проблему. Однако вхождение страны в мировое сообщество, установление активных отношений с зарубежными странами показали, что дальнейшее игнорирование гендерного дисбаланса в обществе невозможно. После участия Казахстана в IV Всемирной конференции по вопросам женщин, организованной Организацией Объединенных Наций в Пекине в 1995 году, в стране начал активно реализовываться план установления гендерного равенства. В 1995 году Первый президент страны Н.А. Назарбаев создал Совет по проблемам семьи, женщин и демографической политике. В республике был разработан Национальный план действий по улучшению положения женщин. Несмотря на то, что поставленные задачи планомерно реализуются, гендерное равенство в некоторых сферах деятельности еще не установлено. Но эта ситуация не противоречит национальным стереотипам о месте и роли женщины в обществе и семье. По мнению автора, эти стереотипы в мировоззрении казахов препятствуют полной реализации государством планов по установлению гендерного баланса в казахстанском обществе.

Ключевые слова: гендерное равноправие, женщины, история Казахстана, национальное самосознание, женское предпринимательство.

G. Abdykulova

Opportunities to overcome gender issues in Kazakhstan (historical aspect)

The issue under consideration is relevant in the development of modern Kazakhstan. The main population in the republic is Kazakhs, so the formation of gender balance in society is a significant problem. However, the country's integration into the world community, the ratification of international agreements, and the active establishment of relations with foreign countries made it impossible to further ignoring the gender imbalance that existing in society. After the participation in the IV World Conference on Women, held in Beijing in 1995 organized under the auspices of the UN, the state began to actively implement a plan to establish gender equality in the republic. The first President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev created the Council on Family, Women and Demographic Policy in 1995. A National Action Plan has been developed to improve the status of women in the Republic. Despite the realization of the tasks, the establishment of gender equality in some spheres of activity is still far from being resolved. In Kazakhstan, women outnumber men, but they are an absolute minority in the sphere of senior political leadership. At the same time, many women

employed in the ranks of ordinary civil servants, in the field of entrepreneurship, education and healthcare. Despite the fact that this circumstance contradicts the implemented Strategy, it corresponds to the stereotypes about the place and role of a woman in the family and society, according to which she is the preserver of the hearth. According to the author, such a stereotypical worldview of Kazakhs hinders the full implementation of the state's plans to establish gender balance in Kazakhstani society.

Keywords: gender equality; women; history of Kazakhstan; national mentality; women's entrepreneurship.

References

- 1 Sharlene Nagy Hesse-Biber, Gregg Lee Carter (2005). Working women in America: split dreams. 2nd ed. — Oxford University Press.
- 2 Konshin, N. (2007). Trudy po kazakhskoi etnografii [Works on Kazakh ethnography]. Astana: Altyn kitap [in Russian].
- 3 Ibragimov, Sh.M. (2007). Ocherki byta kazakhov [Essays on the life of the Kazakhs]. Astana: Altyn kitap [in Russian].
- 4 Yuzefovich, B. (2006). O byte kirgizov Turgaiskoi oblasti. Etnograficheskie zametki. Biblioteka kazakhskoi etnografii [About the life of the Kyrgyz people of the Turgai region. Ethnographic notes. Library of Kazakh Ethnography]. Pavlodar: NPF «EKO» [in Russian].
- 5 (1996). Qazaq adet-guryp quqygynyn materialdary [Material gifts of Kazakh customary law]. Almaty, Zheti zhargy [in Kazakh].
- 6 Altynsarin, I. (1978). Sbranie sochinenii: [V trekh tomakh] [Collected works in three volumes]. Vol. 3. Alma-Ata: Nauka Kazakhskoi SSR [in Russian].
- 7 Subkhanberdina, U., & Dautov, S. (Comp.). (1996). «Aikap» [Matin: Entsiklopediia] [“Aikap”. Text. Encyclopedia]. Almaty, Qazaq enitsklopediiasy [in Kazakh].
- 8 Abdirasilkyzy, A. (2013). Qazaq qogamyndagy aiel martebes: keshe men bugin [The status of a woman in Kazakh society: yesterday and today]. *Qazaq aieli: otkeni, bugini, bolashagy. Dongelek ustel materialdarynyn zhinagy — Kazakh woman: past, present, future. Collection of materials of the round table* (pp. 7–10). Astana [in Kazakh].
- 9 Baltabaeva, A.K. (1995). Vovlechenie kazakhskikh zhenshchin v sferu gosudarstvennogo upravleniia Kazakhstana (20–30 gg. XX v.) [Involvement of Kazakh women in the sphere of public administration of Kazakhstan]. Moscow [in Russian].
- 10 Balgozina R.O. (2001). Emansipatsiia zhenshchin v Kazakhstane: istoricheskii opyt i politicheskie uroki. 1917–1941 gody: Uchebnoe posobie dlia vuzov [Women's emancipation in Kazakhstan: historical experience and political lessons]. Semipalatinsk: Semipalatinskii gosudarstvennyi universitet imeni Shakarima [in Russian].
- 11 Musabalina, G.T. (2015). Zhenshchina v traditsionnoi kazakhskoi seme v XVIII–XIX vv.: istoricheskii aspekt [A woman in a traditional Kazakh family in the 18th-19th centuries: a historical aspect]. *Znamenitye zhenshchiny Kazakhskogo khanstva. Materialy Mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii — Famous women of kazakh khanate. Materials of the international scientific-practical conferences.* Astana: Izdatelstvo «Forma Plus». 240–244 [in Russian].
- 12 Abdykulova, G. (2018). Polozhenie zhenshchiny v kazakhskom obshchestve [The position of women in Kazakh society]. *«Alash muraty zhane rukhani zhangyru; tagzym men tagylym» atty Alashтын 100 zhyldygyna arnalgan Respublikalyk semiar materialdary — Materials of the republican seminar dedicated to the 100th anniversary of Alash, entitled “The Ideal of Alash and spiritual rebirth: reverence and teaching”.* Astana [in Russian].
- 13 Stasevich, I.V. (2011). Sotsialnyi status zhenshchiny u kazakhov: traditsii i sovremennost [The social status of a woman among the Kazakhs: traditions and modernity]. Saint-Petersburg: Nauka [in Russian].
- 14 Rakhimbekova, A.K. (2004). Rol imperskogo faktora v transformatsii kazakhskogo obshchestva (XIX–nachale XX v.) [The role of the imperial factor in the transformation of Kazakh society]. *Candidate's thesis.* Astana [in Russian].
- 15 QR OMA [Central Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 64. — Vol. 634. — C. 1. — S. 1-2 [in Kazakh].
- 16 QR OMA [Central Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 30. — Vol. 18. — C. 23. — S. 6 [in Kazakh].
- 17 Mailin, B.Zh. (1935). Kommunistka Raushan: rasskazy [Communist Raushan: stories]. (Trans.). Alma-Ata: Kazakhstanskoe kraevoe izdatelstvo [in Russian].
- 18 (1980). Aktualnye problemy istorii Sovetskogo Kazakhstana [Actual problems of the history of Soviet Kazakhstan]. Alma-Ata: Nauka [in Russian].
- 19 Abdykulova, G. (2018). Razvitie zhenskogo predprinimatelstva v sovremennom Kazakhstane [Development of women's entrepreneurship in modern Kazakhstan]. *Yuzhnyi Ural: istoriia, istoriografiia, istochniki. Mezhvuzovskii sbornik nauchnykh statei. Vypusk 8 — Southern Urals: history, historiography, sources. Interuniversity collection of scientific articles, Issue 8. Ufa: Izdatelstvo Bashkirskogo gosudarstvennogo universiteta* [in Russian].
- 20 Bazovyi doklad o situatsii s pravami cheloveka v Respublike Kazakhstan [Background report on the human rights situation in the Republic of Kazakhstan]. Retrieved from <http://textarchive.ru/c-2631713-pall.html> [in Russian].
- 21 Zhenshchiny i politika. Politicheskoe i ekonomicheskoe prodvizhenie zhenshchin [Women and Politics. Political and economic promotion of women]. Retrieved from <http://www.akorda.kz/ru/osnovnie-napravleniia-natsionalnoi-komissii/uchastie-zhenshin/zhenshini-i-politika/zhenshchiny-i-politika> [in Russian].
- 22 (2000). Zhenshchiny Kazakhstana [Women of Kazakhstan]. Almaty: Izdatelstvo «Malvina» [in Russian].

- 23 (1999). Kratkie itogi perepisi naseleniia 1999 goda v Respublike Kazakhstan. Agentstvo RK po statistike [Brief results of the 1999 population census in the Republic of Kazakhstan]. Almaty [in Russian].
- 24 Turisbekov, Z.K. (2001). Vydvizhenie zhenshchin v vysshie eshelony vlasti [Promotion of women to the highest echelons of power]. *Zhenshchiny Kazakhstana: 10 let v usloviakh nezavisimosti Kazakhstana, vzgliad v XXI vek. Sbornik vystuplenii uchastnikov konferentsii — Women of Kazakhstan: 10 years in the conditions of independence of Kazakhstan, a look into the XXI century. Collection of speeches by conference participants*. Almaty [in Russian].
- 25 SQ OMA [Northern Kazakhstan State Archive]. — F. 699. — Vol. 1. — C. 581. — S. 74 [in Kazakh].
- 26 SQ OMA [Northern Kazakhstan State Archive]. — F. 699. — Vol. 1. — C. 581. — S. 71-72, 84 [in Kazakh].
- 27 Natsionalnaia komissiiia po delam zhenshchin i semeino-demograficheskoi politike [National Commission on Women's Affairs and Family and Demographic Policy]. Retrieved from <http://www.akorda.kz/ru/o-nacionalnoi-komissii> [in Russian].
- 28 QR UA [National Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 54. — C. 501. — S. 73 [in Kazakh].
- 29 (2005). Ob utverzhdenii Strategii gendernogo ravenstva v Respublike Kazakhstan na 2006–2016 gody. Ukaz Prezidenta Respubliki Kazakhstan ot 29 noiabria 2005 goda № 1677 [On approval of the Strategy for Gender Equality in the Republic of Kazakhstan for 2006–2016]. *Kazakhstanskaia Pravda — Kazakhstan truth, December 3* [in Russian].
- 30 (2009). O gosudarstvennykh garantiikh ravnykh prav i ravnykh vozmozhnostei muzhchin i zhenshchin. Zakon Respubliki Kazakhstan ot 8 dekabria 2009 goda № 223–IV [On State guarantees of equal rights and equal opportunities for men and women. Law of the Republic of Kazakhstan dated December 8, 2009 No. 223-IV]. Retrieved from http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z090000223_ [in Russian].
- 31 (2018). O ravnykh vozmozhnostiakh prodvizheniia zhenshchin na gosudarstvennoi sluzhbe Kazakhstana [On equal opportunities for the advancement of women in the public service of Kazakhstan]. *Kazakhstanskaia Pravda — Kazakhstan truth, June, 30* [in Russian].
- 32 Shashkova, N. (2000). Zhenskoe litso biznesa [The female face of business]. *Kazakhstanskaia Pravda — Kazakhstan truth, September, 19* [in Russian].
- 33 (2004). Zhenskoe predprinimatelstvo: dostup k finansirovaniu i IKT. Peredovoi opyt. Serii Predprinimatelstvo i MSP. Evropeiskaia ekonomicheskaia komissiiia OON [Women's Entrepreneurship: Access to Finance and ICT. Innovate experience. Series: Entrepreneurship and SMEs. United Nations Economic Commission for Europe]. Zheneva–New-York [in Russian].
- 34 Sarsembaeva, R.B. (2004). Gendernye aspekty razvitiia predprinimatelstva v Kazakhstane. Sotsiologicheskoe issledovanie [Gender aspects of entrepreneurship development in Kazakhstan. Sociological research]. Almaty: Assotsiatsiia delovykh zhenshchin Kazakhstana [in Russian].

Автор туралы мәлімет

Абдыкулова Гульжанар — PhD, аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0002-8403-072X>

Information about the author

Abdykulova Gulzhanar — PhD, senior lecturer, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.